



ДЖОКОВИЧ,
МАРРЕЙ,
АЛКАРАС...

→2



ОЛЖА САЛАР
«ОНЫНШЫ»
КИМ?

→3



БАЛАНДИН
СПОРТТАН
НЕГЕ КЕТТІ?

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№36 (5387)
1 қазан 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЕУРО-2024 ДОП ДОДАСЫНА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ



УЕФА ЖӘНЕ ФИФА АЯСЫНДАҒЫ БІРДЕ-БІР ТУРНИРДЕ ӨЗ ТОБЫНДА ТОП БАСТАП КӨРМЕГЕН ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ӨТКЕН АПТАДА ЕРЛЕДІ. ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ «С» ТОБЫНДА ҰТЫМДЫ ҰПАЙ ЖИНАҒАН ҚҰРАМАМЫЗ ТОП БАСТАДЫ.

Өз тобында бірінші орын алып, «В» лигасына тікелей жолдамаға ие болды. Жыл басында ғана «D» дивизионына түсіп қалудың аз-ақ алдында тұрған ұлттық құрама ұландары арада алты ай өткенде жанкүйерлерге зор қуаныш сыйлады.

Аталған турнирдің бесінші турында елордада Беларусь құрамасын қабылдаған жерлестеріміз аса тартысты өткен матчта қарсыластарын 2:1 есебімен ұтты. Біз бұл жеңісті бергерге тарихи жеңіс деп атап отырған жоқпыз. Мұның екі себебі бар.

Біріншісі, Қазақстан мен Беларусь футболшылары бүгінге дейін бес мәрте ресми матч өткізіп, соның төртеуінде қонақтардың мерейі үстем болған еді. Тек бір кездесуде ғана екі елдің құрамасы тең тарқасқан. 2009 жылдан бері Қазақстан құрамасына «Брест камалына» айналған Беларусь қорғанысы сыр берді. Екіншісі, осы бір тамаша жеңістен кейін Магомед Адиев басшылығындағы біздің құрама 13 ұпай жинап, «С» дивизионының үшінші тобында жеке-дара көш бастады.

Аталған жеңіс Қазақстан құрамасына

топтағы Әзербайжанмен өтетін соңғы ойынның нәтижесіне қарамай-ақ, келесі жылдан бастап «В» дивизионында ойнау мүмкіндігін сыйлады. Бұл дегеніміз, 2024 жылы өтетін Еуропа чемпионатына қатысу мүмкіндігіміз жоғарылайды деген сөз. Тарқатып айтар болсақ, «В» дивизионында Еуропа құрлығының орта деңгейлі 16 құрамасы 4 топқа бөлініп ойнайды. Әр топтың жеңімпазы келесі жылы өзара плей-офф бәсекесін өткізеді. Сөйтіп, төрт мықтының арасынан қара үзіп шыққан екі құрама 2024 жылғы көрі құрлық біріншілігінің финалдық кезеңіне жолдама алады.


30 мыңға жуық жанкүйер тамашалаған елордадағы матчқа тоқталар болсақ, Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев маусым айындағы ойындарда алаңға шыққан негізгі құраммен салыстырсақ, аса көп өзгеріс жасай қойған жоқ. Қақпаны әдеттегідей Игорь Шацкий қорғаса, қорғаныста Әліп, Малый, Марочкин, Габышев, Вороговский бестігі ойнады. Жартылай қорғаныста Тағыберген, Дарабаев, Зайнутдинов пен Оразов өнер көрсетсе, шабуылда Беларусь қақпасына

гол соғудың шебері Абат Айымбетов ойнады.

Кездесудің алғашқы таймы Қазақстан құрамасының басымдығымен өткенімен, командалар үзіліске тең нәтижемен шықты. 24-минутта Аслан Дарабаевтың есепті ашатын тамаша мүмкіндігі болған еді. Алайда Беларусь қақпашысы қырағылық танытып, қақпасын голдан аман сақтап қалды. Бірақ арада бес минут өткенде қорғаушы Михаил Габышев бәрібір қарсылас команданың қақпасынан саңылау тауып, ұлттық құраманы есепте алға шығарды – 1:0. Өкінішке қарай, жігіттер бірінші таймда есептегі басымдықты сақтап қала алмады. Бірінші таймға қосылған қосымша минутта Беларусь құрамасы айып добынан гол соғып кетті. Сөйтіп, бірінші тайм 1:1 есебімен тең аяқталды.

Үзілістен кейін де қазақстандық футболшылар шабуылдарын бір сәтке де тоқтатқан жоқ. 60-минутта алғашқы голдың авторы Михаил Габышев дубльдің авторы атану мүмкіндігін мұлт жіберіп алды. Қорғаушы мен қақпашыны алдап өткенімен, соңғы сәтте допты еркіне бағындыра алмады. Кейіннен Рамазан Оразов пен Абат Айымбетовте де есепті еселейтін бір-екі мүмкіндік болған еді. Олар да соңғы сәтте дәлдік таныта алмады. Екінші таймның белортасына жеткенде матч кішкене саябырсығандай болды.

→4



ӘЛЕМ КУБОГЫНДА – ЕКІНШІ

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН ҚАЗАҚСТАН КОМАНДАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ НАРИМАН КУРБАНОВ ПАРИЖДЕ ӨТКЕН ӘЛЕМ КУБОГІ КЕЗЕҢІНДЕ КҮМІС МЕДАЛЬҒА ИЕ БОЛДЫ.

Ол ат жаттығуларында 14,450 ұпай жинап, тек 15,100 ұпай еншілеген Рис Маккленагнаннан қалып қойды. Үздік үштікті Тайбэй спортшысы Шяо Ю Ян (14.350) түйіндеді.

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»

12 КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН
МАРАФОН-БӘЙГЕДЕ
АҚТАУЛЫҚТАР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ЖӘНЕ «THE GREAT STEPPE TOUR» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН, АМАНАТ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН 18 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» МАРАФОН-БӘЙГЕСІ БАСТАЛҒАН БОЛАТЫН. АЛҒАШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АЛАМАНҒА ЕЛІМІЗДІҢ 19 АЙМАҒЫНАН КЕЛГЕН 19 КОМАНДА ҚАТЫСУҒА НИЕТ БІЛДІРГЕН. ШАБАНДОЗДАР 11 КҮН ІШІНДЕ 1200 ШАҚЫРЫМДЫ АРТҚА ТАСТАП, 29 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ЖАРЫСТЫ АЯҚТАДЫ.

Біз бұған дейін жарыстың бірінші және екінші күннің қорытындысын жазған болатынбыз. Үшінші күннің қорытындысы бойынша, Баршыннан шыққан 14 команданың арасында Маңғыстау командасы 27 сағат 19 минутта алғашқы болып жетсе, ізін ала Шымкент командасы белгіленген межені 27 сағат 40 минутта басып өтті.

Үшінші болып келе жатқан Ақтөбе шабандоздарының үш күндік көрсеткіші – 27 сағат 49 минут.

→5

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТКАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»						
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ДЖОКОВИЧ, МАРРЕЙ, АЛЬКАРАС...

АТАҚТЫ ТЕННИСШІЛЕР КЕЛЕТІНДЕЙ ASTANA OPEN ATP 500 ҚАНДАЙ ТУРНИР?

БИЫЛ 30 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТІП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАН ТЕННИС ФЕДЕРАЦИЯСЫ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ БІРҚАТАР ТОЛАЙЫМ ТАБЫСҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ОТЫР. АТАП АЙТАР БОЛСАҚ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰРАМАСЫ ЕЛ ТАРИХЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҒІНЕ ЖОЛДАМА АЛСА, ШІЛДЕ АЙЫНДА ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ ЕЛЕНА РЫБАКИНА ДА ТАРИХИ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, «ҮЛКЕН ДУЛЫҒА» САНАТЫНДАҒЫ «УИМБЛДОН» ТУРНИРІНДЕ ТОП ЖАРДЫ. ЕНДІ, МІНЕ, ЕЛ АСТАНАСЫНДА БҰРЫН-СОНДЫ БОЛМАҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ATP 500 ТЕННИС ТУРНИРІ ӨТКЕЛІ ТҰР.

Алдағы сенбі күні Астанадағы «Ұлттық теннис орталығында» Кәсіпқой теннисшілер қауымдастығы (АТР) ұйымдастыратын ATP 500 санатындағы жылдың ең соңғы турнирі – Astana Open бәсекесінің жалауы желбірейді. Негізгі теннисшілердің бұл додасы жоспар бойынша Қытайда өтуге тиіс еді. Алайда ATP биыл Қытай жерінде өтетін барлық турнирді кері қайтарып алды. Сөйтіп, 2004 жылдан бері Бейжіңде өткізіліп келген жарыс биылдан бастап Қазақстан астанасына көшірілді. Осылайша, бұған дейін елордада екі рет өткен ATP 250 жарысының мәртебесі жоғарылап, ATP 500 турниріне айналды.

Астанадағы турнирдің маңыздылығына тоқталмай тұрып, алдымен түсінікті болу үшін ATP 250 мен ATP 500 жарысының айырмашылығы қандай, Кәсіпқой теннисшілер қауымдастығы (АТР) жылына қанша теннис турнирін ұйымдастырады, бұлардан бөлек тағы қандай жарыстар бар, теннисшілер өздері қатысатын турнирді қалай тандайды деген сияқты оқырмандарды қызықтыратын сұрақтарға аз-кем жауап бере кетейік.

Жалпы, Кәсіпқой теннисшілер қауымдастығының күнтізбесіне сай, жылына әртүрлі санаттағы 800-ге жуық теннис турнирі өтеді. Соның ішінде АТР араласатын ең негізгі турнирлерге тоқталар болсақ, қауымдастық бір жыл бедерінде үздік теннисшілер бақ сынайтын «Үлкен дулыға» санатындағы ең ірі төрт жарыстың (Аустралия ашық чемпионаты, Франция ашық чемпионаты,

«Уимблдон», АҚШ ашық чемпионаты), ATP Master 1000 (9 турнир), ATP 500 (13 турнир) және ATP 250 (40 турнир) бәсекелерінің өткізілуіне тікелей атсалысады.

АТР осы жарыстардың дәрежесіне қарай рейтингтік ұпайларды да белгілейді. Айталық, «Үлкен дулыға» санатындағы барлық жарыстың жеңімпазына 2000 ұпай берілсе, кейінгі деңгейдегі турнирлерде бәсеке атауына байланысты ұпайларды үлестіреді. Мәселен, ATP Master 1000 турнирінде топ жарғандар 1000 рейтингтік ұпайды қоржынына салса, ATP 500-де үздік шыққан теннисші 500 ұпайға ие болады. ATP 250 додасында да дәл солай. Жеңімпаз спортшы өз рейтингіне 250 ұпай қосады.

Турнирдің қаржылай сыйақысы да жарыстың деңгейіне қарай белгіленеді. «Үлкен дулыға» санатындағы биылғы жарыстардың жалпы жүлде қоры – 35-71 миллион АҚШ доллары аралығында болды. ATP Master 1000 жарыстарына қатысқан теннисшілерге 6 және 10 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржылай сыйақы үлестірілді. ATP 500 санатындағы турнирлердің жүлде қоры 1,5-4 миллион АҚШ доллары аралығында болады. Ресми деректерде Astana Open ATP 500 турнирінің жүлде қоры 3,728,045 АҚШ долларын құрайды делініп отыр. ATP 250 ұйымдастырушылары 1 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржылай сыйақы тағайындайды.

Міне, осы жайттардан кейін-ақ қай турнирдің бәсі жоғары екенін,

ФЕДОРОВ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

АУСТРАЛИЯНЫҢ ВУЛЛОНГОНГ ҚАЛАСЫНДА ШОССЕДЕГІ ВЕЛОСПОРТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. 23 ЖАСАҒЫ ӨРЕНДЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕВГЕНИЙ ФЕДОРОВ ТАМАША ӨНЕР КӨРСЕТТІ. 199,8 ШАҚЫРЫМДЫҚ ТОПТЫҚ САЙЫСТА ОЛ БАС ЖҮЛДЕНІ ОЛЖАЛАДЫ. КҮМІС ЖӘНЕ ҚОЛА МЕДАЛЬДЫ ЧЕХИЯЛЫҚ МАТИАС ВАЧЕК ПЕН НОРВЕГИЯЛЫҚ СОРЕН ВЕРЕНШЕЛЬД ИЕЛЕНДІ.



Бұл күндері Федоровтың асқан шеберлігіне тәнті болған барлық БАҚ өкілдері оның осы жарқын жеңісі жайында жарыса жазып жатыр. Расында да, жерлесімізді қалай мақтасақ та жарасады. Өткенге зер салсақ, қазақстандық спортшылар арасынан әлемдік додаларда тек Алексей Луценконың ғана бағы жанғанын байқаймыз. 2012 жылы Нидерландтың Лимбург қаласында өткен додада отандасымыз алдына жан салмай, бас жүлдені олжалады. Міне, енді араға 10 жыл салып, Евгений Федоров әлем чемпионы атанып отыр. Осы орайда, әр жылдары дәл осы андерлер сайысына қатысқан Дмитрий Фоханов, Андрей Кашечкин, Максим Иглинский, Андрей Зейц, Роман Киреев және тағы басқа мықты велошабандоздарымыздың жүлдесіз


қалғанын ескерген жөн. Осы жайттың өзі-ақ, Федоровтың алыстағы Аустралияда үлкен шаруа тындырғанын аңғартып тұр.

Бәсеке аяқталған бетте: «Жасыл құрлықтағы жарысқа тыңғылықты даярландық. Сол үшін де осыдан бірер апта бұрын ғана аяқталған «Испания Вуэльтасына» қатысып, шеберлігімді әбден шындадым. Бірақ соның өзінде де бас жүлдені олжалаймын деп еш ойлаған жоқ едім. Өйткені бұл біріншілікте бәсекелестік өте жоғары. Қырсыққанда сол күні жаңбыр да жауа қалды емес пе. Бұл жағдай біраз қолайсыздық тудырды. Соған қарамастан жарыс жолында барымды салдым. Нәтижесін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Менің қуанышымда шек жоқ!», деп ақтарыла сөйледі.

Евгений Федоров жайында тағы біраз мәлімет беретін болсақ, ол бұған дейін де бірқатар дүбірлі додаларда дараланған. Атап айтсақ, 2018 жылы Буэнос-Айресте алауы тұтанған жасөспірімдердің Дүниежүзілік Олимпиадасында жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Ересектердің Азия чемпионатында алтын мен күміс медальдарды иеленді. Сондай-ақ Евгенийдің Қазақстан чемпионы деген атағы бар.

тілге тиек ете келе, жер-жананның ең мықты командалары бас қосатын бәсекені аса жоғары деңгейде өткізе алатынымыз жайында мәлімдеді. Қазақстаннан бөлек, бұл жарысты қабылдауға Германия мен Норвегия да ниет білдіріп отыр.

Өткенге зер салсақ, әлемдік дода сонау 1920 жылдан бері ұйымдастырылып



теннисшілер көбіне қай жарысты тандайтынын аңғаруға болады. АТР рейтингінің алғашқы жүздігінде тұрған теннисшілер міндетті түрде «Үлкен дулыға», ATP Master 1000, ATP 500 санатындағы турнирлерге қатысуға тырысады. Себебі аталған жарыстарда рейтингтегі ұпай санын да, қаржылық жағдайын да жақсартып алуға толық мүмкіндік бар. Мәселен, қазірдің өзінде елордадағы Astana Open ATP 500 турниріне жуырда ғана АҚШ ашық біріншілігінде топ жарған, қазіргі таңда ерлер арасындағы әлемдік рейтингте бірінші орында тұрған испаниялық Карлос Алькарас, сондай-ақ әр жылдары «Үлкен дулыға» турнирлерінде бас жүлдені жеңіп, АТР рейтингінде көш бастаған сербиялық Новак Джокович, ресейлік Даниил Медведев, хорватиялық Марин Чилич, Олимпиада чемпиондары – швейцариялық Станислас Вавринка

(Бейжің, (2008) және британиялық Энди Маррей (Лондон (2012), Рио (2016) сынды теннисшілер қатысатындарын мәлімдеді. Сонымен қатар рейтингтегі ТОП-10 спортшының бесеуі, ТОП-20 қатарындағы тағы бес теннисшінің елордаға келетіні белгілі болды.

Жұптық сында да «Үлкен дулыға» додасының бірнеше чемпионы ойнайды. Жанкүйерлер дүниежүзілік рейтингте көш бастаған Джо Солсбери (1 АТР), Раджив Рам (2 АТР), Нил Скупски (3 АТР), Весли Колхоф (4 АТР), Жан-Жюльен Ройер (5 АТР), Марсело Аревало (6 АТР), хорватиялықтар – Никола Мектич/Мате Павич, колумбиялықтар Роберт Фарах/Хуан Себастьян Кабаль мен тағы басқа теннисшілердің өнерін тамашалай алады.

Өз жерімізде өтетін халықаралық додада қазақстандық теннисшілерден еліміздің бірінші ракеткасы

БЕНТЛИМЕН ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ



WBO НҰСҚАСЫ БОЙЫНША ОРТА САЛМАҚТА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНЫП ОТЫРҒАН ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫСЫ ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ ӨЗІНІҢ КЕЛЕСІ КЕЗДЕСУІН 12 ҚАРАШАДА АҚШ-ТЫҢ ЛАС-ВЕГАС ҚАЛАСЫНДА ҰЛЫБРИТАНИЯЛЫҚ ДЕНЗЕЛ БЕНТЛИМЕН ӨТКІЗЕДІ.

Дензел 1995 жылдың 29 қаңтарында Ұлыбританияның астанасы – Лондонда туып-өскен. Кәсіпқойлар арасында жұдырықтасып жүргеніне бес жыл болды. Сол аралықта 19 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске

жетті. 14 қарсыласын есінен тандырды. 2020 жылдың күзінде ол Марк Хефронмен тең түссе, 2021 жылдың көктемінде Феликс Кэштан ойсырай ұтылды. Бұл жекпе-жек үшінші раундта тоқтатылды. Бентли

БАС БӘЙГЕ – 5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ NAIZA ЛИГАСЫ АСА ЖЕҢІЛ САЛМАҚТА КҮШ СЫНАСЫП ЖҮРГЕН АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ШЕБЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ГРАН-ПРИ ТУРНИРІН ӨТКІЗУДІ КӨЗДЕП ОТЫР.

Аталған ұйымның басшысы Нұрбек Қарабаланың айтуынша, күні кеше ғана жартылай финалдық сайыста сынға түсетін төрт мықты спортшы іріктеп алынды. Бұл бәсекелер Жұман Жұмабеков (11-5)

пен Елжан Әлиасқар (9-3) және Дастан Аманкелді (3:0) мен Еламан Шертаевтың (6-1) арасында өтеді. Осы сынақтан сүрінбегендері финалда айкасады. Жарыс жеңімпазы 5 миллион теңге көлемінде сыйақы



жағалауындағы жарыста 10-орынға табан тіредік. Сол чемпионат барысында небір азулы командалармен терезесі тең өнер көрсеткеніміз жанкүйерлердің жадында.

Александр Бублик негізгі кезеңде ойнаса, рейтингте төмен тұрғандықтан, ұлттық құраманың беделді мүшесі Михаил Кукушкин уайлд кард (арнайы шақырту) арқылы қатысады. Сондай-ақ Денис Евсеев, Бейбіт Жұқаев, Григорий Ломакин, Дмитрий Попко Қазақстан чемпионаты барысында Astana Open додасының іріктеу сайыстарына жолдама алу үшін барын салады. Ал жұптық сында Андрей Голубев пен Александр Недовесов өнер көрсетеді.

Жалпы, Astana Open ATP 500 турнирі – Қазақстанда өткелі тұрған АТР санатындағы ең ірі турнирдің бірі болса, Сары құрлық аймағындағы үшінші жарыс саналады. Азиядағы ATP 500 сериясы бойынша осыған дейінгі ірі жарыс Дубайда (Dubai Tennis Championships) өтсе, енді Astana Open додасымен бір мезгілде Rakuten Japan Open Tennis Championship турнирі де ұйымдастырылады.

өзінің соңғы үш бәсекесінде Сэм Эванс, Линус Удофия және Маркус Морриссон сынды танымал былғары қолғап шеберлерінен басым түсті. Оның кәсіпқой бокстан өз елінің екі дүркін чемпионы деген атағы бар.

Орта салмақтылардың рейтингінде 14-орында тұрған Дензел Бентли Жәнібек Әлімханұлы алтын белбеуді иеленген бетте оны жекпе-жекке шақырған еді. Қандасымыз оның бұл ұсынысын қабылдады. Міне, енді қазақтың ұлы әлем чемпионы ретінде өзінің алғашқы жекпе-жегін 12 қарашада өткізеді.

Естеріңізге сала кетейік, 29 жастағы Жәнібек үстіміздегі жылдың 21 мамырында ұлыбританиялық Дэнни Дигнумды екінші раундта ұрып жығып, «уақытша чемпион атағын иеленген болатын. Тамыз айының аяғында ол WBO-ның толыққұқылы чемпионы атанды. Себебі сол күнге дейін теңдессіз деп танылып келген америкалық Деметриус Андраде өз атағын қорғаудан бас тартып, басқа салмаққа ауысты.

алумен қатар, осы лиганың алтын белбеуі үшін таласады. Дәл қазіргі кезде чемпиондық атақ Оңтүстік Кореяның оғланы Су Ен Юге тиесілі. Өткен аптада ол Алматыда жалауы желбірген жарыста қазақтың ұлы Айдын Көдекті төртінші раундта «кылқындыру» әдісімен жеңген болатын.

Естеріңізге сала кетейік, келесі әлем чемпионаты 2023 жылы Финляндияның Тампере мен Латвияның Рига қаларында өтеді. 2024 жылғы жарысты Чехияның Прагасы мен Остравасы қабылдайды. 2025 жылғы дүбірлі доданың жалауы Швецияның Стокгольм мен Данияның Хернингінде желбірейді. Ал 2026 жылғы біріншілік Швейцарияның Цюрих мен Фрибурында ұйымдастырылады.

ОЛЖА САЛАР «ОНЫНШЫ» КІМ?



ҚАЗАННЫҢ 6-12 АРАЛЫҒЫНДА ӨЗБЕКСТАННЫҢ АСТАНАСЫ ТАШКЕНТТЕ ДЗЮДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ. ӘЛЕМНІҢ 100-ГЕ ЖУЫҚ ЕЛІНЕН 600-ГЕ ТАРТА БАЛУАН ҚАТЫСАТЫН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОДАДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ДА БАҚ СЫНАЙДЫ. ӘЛЕМДІК ЖАРЫС 14 САЛМАҚ (7 ҰЛ, 7 ҚЫЗ) ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША ӨТЕДІ.

Қазақстанның дзюдошы қыз-жігіттері бұл күндері Алматы облысында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, әлем чемпионатының қарсаңында соңғы жаттығуларын пысықтап жатыр. Ерлер құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов Ташкент төрінде күресетін тоғыз балуанның тізімін жасап қойды. Құрама сапында анау айтқандай жаңалық жоқ. Тек Токио олимпиадасынан кейін 66 келі салмаққа ауысқан Елдос Сметов 60 келіге қайта оралды. Елдостың шыны керек, 66 келіде жолы болмады. Ол жыл басынан бері 66 келі салмақта үш бірдей Гранд Слам жарысына қатысып, екі айналым ғана күресті. Загребте өткен Гран-приде жүлдеге қол созым жерден қайтты. Осылайша, отандасымыздың 66 келідегі жорығы сәтсіз аяқталып, төрт жарыстан да жүлдесіз қалды. Енді, міне, қайтадан 60 келіге оралған Елдостың аяқалысын Ташкентте төселе-тін татамиде байқайтын боламыз.

60 келі салмақта бас бапкер Нұрбол Сүлейменов Елдос Сметовтен бөлек, Мағжан Шамшаддинді де қойып отыр. Мағжан былтыр әлем чемпионатын бесінші орынмен аяқтады. Биыл да жоғары нәтиже көрсетіп жүрген балуандардың бірі. Ақпан айында Тель-Авивте өткен Гранд Сламда үздік үштікті қорытындыласа, Загребте өткен Гран-приде бас жүлдеге ие болды. Астанада өткен Азия чемпионатында Мағжан қола медаль жеңіп алды.

66 келіде ел намысын Ғұсман Қырғызбаев қорғайды. Ғұсман да биылғы жылдың басында 60 келіден 66-ға ауысты. Өкінішке қарай, алматылық балуанның да нәтижесі мез емес. Тек Астанада өткен Азия чемпионатында командалық есепте

үшінші орын алғаны болмаса, басқа жарыстарда жарытып нәтиже көрсете алмады.

73 келі салмақта Азия чемпионы Данияр Шамшаевқа сенім артамыз. Былтыр жастар арасында Азияның жеңімпазы атанған балуанымыз ересектер арасында да сол нәтижесін қайталады.

81 келіде Абылайхан Жұбаназар мен 90 келіде Дидар Хамзаның жолына үмітпен қараймыз. Абылайхан ересектер арасына енді ғана қосылған жас балуан. Дидар Хамза Токио олимпиадасынан кейін 90 келіге өтіп, жақында Ұланбатырда өткен Гранд Слам бәсе-кесінде қола медальға қол созды.

100 келіде Ислам Бозбаев та Ташкент төрінде ел намысын қорғайды. Түркияда өткен Ислам ойындары Ислам Бозбаев үшін сәтсіз аяқталды. Бірақ әзірге Исламның орнын басытын балуан бұл салмақта жоқтың қасы. Дегенмен бас бапкер Нұрбол Сүлейменов бұл салмаққа Нұрлыхан Шарханды да қосуды жөн көріпті.

Аса ауыр салмақта, яғни +100 келіде Ерасыл Қажыбаев күреседі.

Қыздар құрамасының бас бапкері Ерлан Алпысбаев Өзбекстан астана-сына Абаиба Әбужақынова бастаған бойжеткендерге сенім артады. Абиба ересектерге өткелі бері жап-жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Ұланбатырда өткен Гранд Слам жарысында қола жүлдеге ие болса, Азия чемпио-натында финалға жетіп жығылды. Бұдан бөлек, бойжеткендер арасын-да Гауһар Ирмағамбетова (52 келі), Севара Нышанбаева (57 келі), Мөлдір Нарынова (63 келі), Есмегүл Құюлова

(63 келі), Анастасия Маякова (70 келі), Аруна Жангелдина (78 келі) және Камила Берлікаш (+78 келі) сынды қыздарымыздың өнерін тамашалай-мыз.

Ерлер құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов бұқаралық ақпарат құралдарының біріне берген сұхбатында Ташкентте өтетін әлем чемпионатынан кемі бір медаль ала-мыз дегенді айтқан. Расымен де қай салмақты алып қарайтын болсақ бәсекелестік өте күшті. Әсіресе 60, 66, 73 сияқты еліміз үміт күтетін сал-мақ дәрежелерінде медаль алу қиын. Былтыр әлемдік жарысты бесінші орынмен аяқтаған 60 келідегі Мағжан Шамшаддин биыл үздік үштіктен көрінсе деген үміт басым. Сонымен қатар Елдос Сметов те өз салмағында көшбасшылардың бірі. Бас бапкердің әлем чемпионатынан жоспарлап отырған бір жүлдесі болса, сол жүл-де осы 60 келіде болуы әбден мүмкін. Дегенмен бұл салмақта бәсекелестік өте жоғары екенін де естен шығар-мауымыз қажет. Біздің жігіттердің басты қарсыластары ретінде Токио олимпиадасының чемпионы Наохиса Такатоны және Олимпиаданың күміс

жүлдегері тайпейлік Ян Юнвэйді ай-туға болады.

Былтырғы әлем чемпионатын-да Ғұсман Қырғызбаев күміс жүл-дегер атанғаны баршамызға мәлім. Дегенмен, Ғұсман ол кезде 60 келі салмақта күрескен-ді. Бұл жолы ол 66 келіде күреседі. Жаңа салмақта енді ғана бой үйрете бастаған отандасы-мыз жүлделі орынға жетіп жығылса нұр үстіне нұр болар еді.

73 келі салмақтағы Данияр Шамшаевты Азия чемпионы атанады деп кім ойлаған?! Былтыр ғана жастар құрамасында жүріп, ересектер дуы-на бұзып-жарып кірген Даниярдан да жүлде күтетініміз ақиқат. Алайда оның салмағында Грузия, Әзербайжан, Жапония, Моңғолия, Италия сияқты елдердің балуандары кілең «сен тұр, мен атайын» деген мықтылар.

Осы аптаның басында Халықара-лық дзюдо қауымдастығы әлемдік рейтингті қайта түзіп, дүниежүзілік жарыстың қарсаңында балуандар-дың орындарын белгілеп берді. Таш-кенттегі әлем чемпионатына қатысатын Қазақстан балуандарының арасында алғашқы ондыққа екі балуанымыз ғана кірген. Атап айтсақ, 60 келідегі Мағжан Шамшаддин рейтинг бойын-ша 9-орында тұр. Сондай-ақ 73 келідегі Жансай Смағұлов та 9-орынға орна-ласқан. Жансай жылдың басында алған жаракатынан толығымен айықпады. Енді әлем чемпионатынан кейін Жан-сай үздік ондықтан тыс қалуы мүмкін.

Басқа балуандардың рейтингтегі жағдайы мез емес. Үздік жиырманың қатарында жоғарыдағы екі балуан-нан басқа ешкім жоқ. 60 келідегі тағы бір балуанымыз Бауыржан Нарбаев 22-орынға орналасқан. 66 келіге жаңадан келген Ғұсман Қырғызбаев 29-орында тұр.

60 келі салмақта күресетін Елдос Сметов рейтингте екі салмақ бойын-ша кірген. Жыл басынан бері 66 келі-де күрескен ол 61-орынға дейін ғана көтерілді. Ал 60 келідегі рейтингте 38-орында тұр.

90 келідегі көшбасшы балуанымыз Дидар Хамза да 38-орында.

Ислам Бозбаев 100 келідегі ба-луандар арасында 44-ші болып ор-наласқан.

Қыздар арасында Камила Берлікаш пен Абиба Әбужақынова басқалардан оқ бойы озық тұр. Камила +78 келі салмақтағы балуандардың ішінде 19-шы, Абиба 48 келі салмақта 22-орын-да тұр.

Қазақстан дзюдошылары еліміз Тәуелсіздік алғалы бері әлем чемпио-наттарынан 12 медаль жеңіп алыпты. Бұл медальдар 9 балуанымызға ти-есілі. Осыдан жиырма бір жыл бұрын дәлірек айтсақ, 2001 жылы Мюнхенде өткен әлемдік додада Асқат Шахаров пен Асқат Жіткеев қола медальға ие болды. Одан кейін Максим Раковтың дәуірі басталды. Қарағандылық балу-ан 2009 жылы Роттердамда өткен әлем чемпионатында Қазақстан дзюдо та-рихында тұңғыш рет топ жарды. 2011 жылы күміс медальды қанағат тұтты.

2013 жылы самбодан дзюдо күресі-не ауысып келген Азамат Мұқанов әлем чемпионы атанудың сәл-ақ ал-дында қалды. Рио-де-Жанейро та-тамиінде талай мықтыларды сан соқтырған отандасымыз финалда 2011 жылғы әлем чемпионы, жапониялық Масаси Эбинумадан ұтылып қалды. Масаси мұнымен тоқтаған жоқ. 2014 жылы тағы бір мәрте әлемдік сайыста үздік шығып, үш дүркін әлем чемпио-ны атанды.

2015 жылы Астанада өткен әлем чемпионатында Қазақстан балуан-дары 1 алтын, 1 күміс медальға ие болды. Екі медальды да 60 келі сал-мақта алдық. Арқа төрінде еліміздің мандайалды балуаны Елдос Сметовтің жүлдызы жанды. Ол финалда Рустам Ибраевтан басым түсті. Өкінішке қар-ай, басқа салмақ дәрежесінде балу-андарымыздың жолы болмады.

2017 жылғы әлем чемпионатын-да Моңғолиядан аттай қалап әкелген «легионер» қызымыз Отгонцег Галбадрах қола медальға ие болды. Галбадрах 2018 жылы да осы нәтиже-сін қайталады. Дәл сол чемпионатта 66 келіде күрескен Ерлан Серікжанов күміс алқа тақты.

Жалпы, Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері балуандарымыз әлем чем-пионатынан 2 алтын, 5 күміс, 5 қола медальға ие болды.

Едіге ОРАЗ



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСАТЫН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАЛУАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕГІ ОРНЫ

Ерлер			Әйелдер		
Мағжан Шамшаддин	60 келі	9-орын	Абиба Әбужақынова	48 келі	22-орын
Елдос Сметов	60 келі	38-орын	Гауһар Ирмағамбетова	52 келі	76-орын
Ғұсман Қырғызбаев	66 келі	29-орын	Севара Нышанбаева	57 келі	29-орын
Данияр Шамшаев	73 келі	41-орын	Мөлдір Нарынова	63 келі	64-орын
Абылайхан Жұбаназар	81 келі	65-орын	Есмегүл Құюлова	63 келі	210-орын
Дидар Хамза	90 келі	38-орын	Анастасия Маякова	70 келі	83-орын
Ислам Бозбаев	100 келі	44-орын	Аруна Жангелдина	78 келі	52-орын
Нұрлыхан Шархан	100 келі	61-орын	Камила Берлікаш	+78 келі	19-орын
Ерасыл Қажыбаев	+100 келі	46-орын			

БОКСШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ РЕЙТИНГІ АНЫҚТАЛДЫ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БОКС ҰЙЫМЫ (WBO) БАРЛЫҚ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНДЕГІ БОКСШЫЛАР РЕЙТИНГІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН НҰСҚАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

Екінші орта салмақтағы қазақтың мақтанышы Геннадий Головкин екінші орыннан бірінші орынға көтеріліп, чемпиондық титулға жақындай түсті. Рейтингте америкалық Деметриус Андраде – екінші, британдық Зак Паркер үшінші орында тұр. Ал тағы бір отандасымыз 15-орында болған

Айдос Ербосынұлы бұл қатардан шығып қалды.

Орта салмақ санатындағы Жәнібек Әлімханұлы толыққанды әлем чемпионы болып бекітілді. Мейірім Нұрсұлтанов бір сатыға көтеріліп, бесінші орынға тұрақтады. Үздік үштікте Хайме Мунгия

(Мексика), Крис Юбэнк (Ұлыбри-тания) және Эскива Фалькао (Бра-зилия) тұр.

Екінші жартылай жеңіл салмақта Сұлтан Зәуірбек 12-орын сақтап қалды. Рейтинг көшбасшылары бұрынғысынша ұлыбританиялық Арчи Шарп, бразилиялық Робсон Консейсао және Мексика боксшысы Оскар Вальдес үштігінен тұрады. Чемпиондық титул АҚШ өкілі Ша-кур Стивенсонға тиесілі.



ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ

ЕУРО-2024 ДОП ДОДАСЫНА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ



← 1

Сөйтіп, ойынды күшейту мақсатында Магомед Адиев алаңға ойыншыларды шығара бастады. Мәселен, бірінші голдың авторы М.Габышевтың орнына Бағдат Қайыров шықса, Рамазан Оразовтың орнын Эльхан Астанов басты.

Арада көп уақыт өтпей бұл өзгеріс өз нәтижесін берді. Беларусь қақпасының маңындағы келесі бір қарбалас сәтте Бақтиер Зайнутдинов жеке шеберлігінің арқасында Беларусь қақпасына екінші голды соғып кетті. Бұл – жартылай қорғаушымыздың ұлттық құрама жейдесіндегі 22-ойынындағы мерейлі оныншы голы болды.

Матч соңына қарай Беларусь футболшылары есепке өзгеріс енгізетін бірнеше қауіпті шабуыл ұйымдастырды. Қақпашы Игорь Шацкийдің шеберлігі болмағанда ойын тең есеппен аяқталуы әбден мүмкін еді. Абырой болғанда қонақтар қақпамызға бір голдан артық доп соға алмады. Сөйтіп, екі құраманың Астанада өткен екінші кездесуі Қазақстан құрамасының тарихи жеңісімен аяқталды.

«С» дивизионының үшінші тобында Беларусь, Словакия және Әзербайжанмен бірге өнер көрсеткен Қазақстан ұлттық құрамасы соңғы турға дейін төрт ойында жеңіске жетіп, бір матчта тең нәтижеге қол жеткізді. Осылайша, мерзімінен бұрын мақсаты орындалған жерлеріміз жеңіспен басталған турнирді жеңіспен аяқтауға ұмтылған еді. Бірақ бесінші турдағы жеңістің эйфориясы соңғы турдың матчына кері әсерін тигізіп, Ұлттар лигасын былай қойғанда, биылдыққа бірінші рет жеңілістің кермек дәмін татты. Әзербайжанға сапар шеккен ұлттық құрама өкілдері

Бакудегі бәсекеде алаң иелерінен 0:3 есебімен жеңіліп қалды.

Негізі біздің жігіттердің Әзербайжанмен ең құрығанда тең ойнауға толық мүмкіндігі бар еді. Алайда қорғаушы Нұрәлі Әліптің болмайтын жерде қызбалыққа салынып, ойын ережесін өрескел бұзуы ұлттық құраманың ірі жеңілісіне алып келді. Матчтың 30-минутында-ақ «Зениттің» қорғаушысы төреші тарапынан «қызыл қағазбен» жазаланып, бірінші таймда әріптестерін қиын жағдайға қалдырды. «Астана Аренада» Беларусь құрамасымен өткен тарихи матчтан кейінгі баспасөз мәслихатында журналистер Михаил Габышевтен: «Магомед Адиев тактик бапкер ме, әлде мотиватор ма?» деген сұрақ қойды. Сонда Габышев: «Ол көбіне бізге қажетті сөздерді тауып айтады. Соған қарағанда, мотиватор бапкер сияқты», деп жауап берген еді. Иә, Адиев жігіттердің ойынына өзгеріс әкелген мықты мотиватор бапкер шығар, бірақ енді оған қосымша психолог мамандығын да меңгеруге тура келіп тұр. Өйткені дәл қазіргі уақытта біздің жігіттерге еуропалық мінез, жеңімпаздық рух жетіспейді. Өйтпесе, кешегі ойында ұлттық құрама тең нәтиже көрсетіп, Ұлттар лигасын жоғары нотада аяқтауға тиіс еді. Бір қателіктің салдары бір ойынға ғана кері әсерін тигізсе мейлі ғой, енді Н.Әліп келесі жылы Еуропа чемпионатына жолдама беретін плей-офф матчының алғашқысына қатыса алмайды.

Алайда әр нәрсенің өз қайыры бар емес пе?! Осы жеңілістің өзі бас бапкерге қай бағытта жұмыс істеу керек екенін айқындап берді. Оны Магомед Адиевтің өзі де мойындап отыр.

– Бүгінгі жеңіліс маған ауыр тиді. Бір жағынан осылай болғанына да қуаныштымын. Әрі қарай даму үшін

ойланатын және талдау жасайтын дүниелердің бар екеніне көз жеткіздік. Жалпы алғанда, турнир кестесіндегі позициямыз бен жеткен жетістігімізге көңілім толады. Біз үшін бұл – үлкен кадам. Бүгінгі жеңіліс осал тұстарымыздың бар екенін көрсетті, – деді бас бапкер матчтан кейінгі баспасөз мәслихатында.

Біздің топтағы екінші ойында Словакия өз алаңында Беларусь құрамасын қабылдап, 1:1 есебімен тең түсті. Ойындағы есепті бірінші болып қонақтар ашқанымен, екінші таймда алаң иелері таразы басын теңестіріп үлгерді.

Осылайша, «С» дивизионының үшінші тобында Қазақстан құрамасы алты ойында 13 ұпай жинап, бірінші орынға табан тіреді. Екінші орынды 10 ұпайы бар Әзербайжан құрамасы иеленсе, ФИФА рейтингінде ТОП-50 құраманың қатарында жүрген Словакия үшінші орынға түсіп қалды. Еншісінде 7 ұпай бар. Ал Беларусь үш ұпаймен соңғы орынға жайғасты. Енді олар «С» дивизионындағы орнын сақтап қалу үшін електі матч өткізеді.

Биылғы Ұлттар лигасында тамаша өнер көрсетіп, «В» дивизионына жолдама алған футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының плей-офф кезеңіндегі қарсыласы белгілі болды. 2024 жылы Германияда өтетін Еуропа чемпионатына жолдама беретін матчта Магомед Адиев шәкірттері «С» дивизионының төртінші тобында үздік шыққан Грузия құрамасымен ойнайтын болды.

Болгария, Солтүстік Македония және Гибралтар секілді мықты құрамалармен бір топта сынға түскен Грузия алты турда 16 ұпай жинап, турнир кестесінде жеке-дара көш

бастады. Екінші орынға 9 ұпайы бар Болгария құрамасы ие болса, Солтүстік Македония үшінші орынмен (7 ұпай) лигадағы орнын сақтап қалды. Ал бір ұпаймен көш соңында қалып қойған Гибралтар «С» дивизионда қалу үшін електік матч өткізеді. Грузия футболшылары алты турдың бесеуінде қарсыластарынан басым түссе, тек бір кездесуінде ғана ұпай бөлісті.

Қазақстан мен Грузия бүгінге дейін жасыл алаңда төрт мәрте ресми матч өткізген. Өкінішке қарай, соның үшеуінде жерлестеріміз жеңілістің кермек дәмін татуға мәжбүр болды. Бір кездесуде қарсыластарымызбен тең түстік. Ең алғаш екі елдің футболшылары 2005 жылы әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде кездесті. Алматыда өткен алғашқы матчта қонақтар 1:2 есебімен жеңіске жетті. Кездесудің есебін 23-минутта Данияр Кенжеханов ашқанымен, екінші таймда грузиялық футболшылар екі гол соғып, таразы басын өздеріне аударды. Ал Грузияда өткен қарымта матчта есеп ашылған жоқ – 0:0.

Кейіннен екі құраманың жолы 2018 жылғы Ұлттар лигасының алғашқы маусымында қайта түйісті. Астанадағы алғашқы матчта жерлестеріміз қонақтарға 0:2 есебімен жол берді. 69-минутта Гиорги Чакветадзе есеп ашса, арада бес минут өткенде Сергей Малый байқаусызда өз қақпамызға гол соғып алды. Сырт алаңдағы жауапты матчта да Грузия футболшыларының мерейі үстем болды – 2:1. Гиорги Чакветадзе мен Георгий Меребашвилидің голдарына 90-минутта Оралхан Өміртаев бір голмен жауап қайтарды.

Бұдан бөлек, құрамалар екі мәрте жолдастық матч өткізді. 2013 жылғы кездесуде Қазақстан 1:0 есебімен

жеңіске жетсе, 2016 жылғы бәсекеде тең есеп тіркелді – 1:1.

Енді, міне, екі ел арасындағы жетінші кездесу 2024 жылдың наурызында Тбилисиде өтеді. «С» дивизионының бірінші плей-офф матчында Қазақстан мен Грузия, екіншісінде Түркия мен Грекия құрамалары сынға түседі. Сөйтіп үздік шыққан екі құрама финалда кездесіп, жалғыз жолдаманы сарапқа салады. Егер Қазақстан ұлттық құрамасы осы екі матчта да қарсыластарынан басым түсетін болса, онда 2024 жылы Германияда өтетін кәрі құрлық біріншілігіне тікелей жолдама алады.

Жалпы, УЕФА ережесі бойынша, Ұлттар лигасынан үш құрама Еуропа чемпионатына жолдама ала алады. Бұған дейін Еуро-2020-да 4 командаға мүмкіндік берген. Осы жолы үш квота бөліп отыр. Яғни А, В, С дивизиондарының үздіктері Германия жасыл алаңдарында доп тебеді. Биылғы турнирде «А» лигасында Хорватия, Испания, Италия және Нидерланд құрамалары үздік шықса, «В» лигасында Шотландия, Израиль, Босния және Герцеговина мен Сербия құрамалары бірінші орынды иеленді.

Сондай-ақ 9 қазанда Германияның Франкфурт қаласында Еуропа біріншілігі іріктеу кезеңінің жеребесі тартылады. Келесі жылдың наурыз және қараша аралығында өтетін іріктеу сайыстарында жеңімпаз атанған құрама мен екінші орынға ие болғандар Еуропа чемпионатына тікелей жолдама алады. Оларға Ұлттар лигасы арқылы жолдамаға қол жеткізген үш құрама қосылады. Егер Ұлттар лигасының плей-офф кезеңіне шыққан құрамалар іріктеу кезеңдерінде жолдамаға иелік етсе, онда ол топта рейтингте келесі тұрған команда плей-оффқа қатысады.

ЖЕҢІС КҮШТІЛЕРГЕ БҰЙЫРДЫ

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 20-23 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ШЕКАРА ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСЫНАН ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫС ӨТТІ. ТМД ШЕКАРА ӘСКЕРЛЕРІ ҚОЛБАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ КУБОГІ САРАПҚА САЛЫНҒАН ЧЕМПИОНАТҚА ҚАЗАҚСТАН, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТӘЖІКСТАН ҚҰРАМА КОМАНДАЛАРЫ ҚАТЫСЫП, КҮШ СЫНАСТЫ.

ҰҚК Шекара академиясының кең сарайдай спорт залында өткен халықаралық сайыс бірінші күннен-ақ жанкүйерлердің делебесін қоздырып әкеткен. Қазақстандық құрама команданың мықтылығы, жеңісті қолдан бермейтіндері білініп қалған... Өзі де аяғына дейін солай болды.

...Алдымен шаршы алаңға 60 келі салмақтағы спортшылар шақырылды. Қазақстан мен Тәжікстанның қос сайыскеріне берілген уақыт – 5 минут. Осы уақыттың ішінде бірі екіншісінің тізесін бүгіп, жеңіске жетуге тиіс. Жетті. Қазақстандық өзінің қарсыласын 12-2 деген есеппен ойсырата жеңді.

Ортаға екінші болып шыққан 75 келі салмақтағы отандасымыздың қарсыласы ресейлік те жеңіліп қана қойған жоқ. Қоян-қолтық ұрысының шеберінен алған сұрапыл соққыдан кейін көпке дейін есін жинай алмай жатты.

Ортаға шыққан 85 келі салмақтағы сайыскерлердің шайқасы да қазақстандық құрама командасының пайдасына шешілді. Тіпті, тәжік шекарашыларының намысын қорғау үшін алыстан ат арылтып жеткен спортшылардың бірі айналдырған 30 секундтың ішінде нокаут алып, кілемнің үстінде сұлап жатты... Есеп 4-0, жеңіс қазақстандық спортшының қанжығасына байланды.

Тәжікстанның 90 келі салмақтағы спортшысын 10-0 есеппен жерлесіміз жеңіп кеткені де жанкүйерлерге өлшеусіз қуаныш сыйлады.

Ресей мен Тәжікстанның атынан шыққан команда мүшелерінің тайталасы да 1 минут 11 секундқа созылып, жеңіс ресейлікке бұйырды.

– Халықаралық деңгейдегі сайысты өте тартысты өтті деп айта аламын, – дейді аламанның бас төрешісі ҚР ҰҚК Жауынгерлік дайындық басқармасының бастығы ұ.к. полковнигі А.Кенжебаев. – Қатысушылардың барлығы дерлік «Халықаралық спорт шебері» «Спорт шебері», «Спорт шеберлігіне үміткерлер». Сондықтан

Ресей, Тәжікстаннан кіл мықтылар ғана келгенін білуге болады. Өйтсе де, Қазақстанның шекарашылары атынан шыққан спортшылардың өнеріне тәнті болғанымды жасырмаймын. Біздің құрама команданың бірде-бір мүшесі жеңіліс тапқан жоқ. Керісінше, қарсыластарын ойсырата жеңіп отырды.

Нәтижесінде, еліміздің намысын қорғаған С.Есенгелдин, М.Жұмағұлов, А.Шербасев, Б.Бектемісов, Қ.Үмбетқұлов, Р.Мәди, Б.Демей, Б.Жұбаныш ТМД ШӨҚК Төрағасының грамотасы мен бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Орын алған команда мүшелеріне ТМД ШӨҚК Төрағасының орынбасары генерал-лейтенант А.Буеров

бастаған мәртебелі қонақтар салтанатты жағдайда тапсырды.

Осылайша, I орынды Қазақстан құрама командасы жеңіп алды. Жүлделі екінші орынға Ресейдің спорт командасы көтерілсе, үшінші орын Тәжікстанның құрама командасына бұйырды.

Шаршы алаңның «шаңын» қаққан жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтаймыз!

Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
ШҚА баспасөз хатшысы

Суреттерді түсірген
Ж.ЖАБЫРБЕКОВ



«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»

12 КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН МАРАФОН-БӘЙГЕДЕ АҚТАУЛЫҚТАР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



← 1

Қарағанды облысының командасы жүйріктерінің болдырып қалуына байланысты жарыстан шығып қалды.

Айта кету керек, додадан шығып қалған кейбір командадағы шабандоздар жарысты жеке-дара жалғастырып, Түркістандағы соңғы межеге жетуге ниетті. Ереже бойынша, жүлделі орынға ие болу үшін әр командада кемі үш шабандоз болуы керек.

Үш күн бойғы тоқтаусыз жүрістен жолсоқты болып шаршаған аттылы марафоншыларды Шұбаркөл ауылының іргесінде орын тепкен көшпелі шатырлы қалашық күтіп алды. Қарағанды қаласының солтүстік-батысында 160 шақырым жерде орналасқан кішкентай ауыл Үлкен Құндызды өзені сағасына орын тепкен.

Бұл орайда, «The Great Steppe Tour» ұйымдастыру алқасының мүшесі Ғани Дүйшенов жарыс сыртындағы қиындығы мен қызығы қатар жүретін ұйымдастыру жұмыстарының барысы туралы әңгімелей берді.

«Үшінші күнді аяқтап, барлық қатысушы қонуға келіп жатыр. Жарыстан бөлек сахна сыртында қаншама жұмыс бар. Ұйымдастыру жұмыстарына 35 техника тартылды. Асханада 15 аспаз жұмыс істеп жатыр. Одан бөлек 15 ұйымдастырушы, 30 жұмысшы бар. Олар 200 адамға арналған шатырды әр 100 шақырым сайын құрып, шағын ауыл қондырады. Ал ас-су ішіп, аялдайтын шатырды әр 50 шақырым сайын құрып, қайта жинап кезектестіріп отырады. Алғашқы күндері білінбегенімен, жолдың қиындығына байланысты үшінші кезең қиынға соқты. Жолға асфальт төселген болса, шатырлар мен құрал-жабдықты, азық-түлікті тиеген көліктерге жылдамырақ қозғалуға болар еді. Осы шатырлы қалашық орналасатын жерді алдын ала тегістеп, жарықтандыруға көмектесіп жатқан жергілікті азаматтарға ерекше алғыс білдіреміз», деді Ғани Дүйшенов.

Ол сапар кезіндегі негізгі қиындық ретінде жолдың алыстығы мен техникалардың сынуы, сондай-ақ ауыз су мен жанармай мәселесі бірінші орында тұрғанын атап өтті.

«Алдағы уақытта кем-кетігін ескеріміз деген ойдамыз. Қазір қолда бар жеке қаражатпен осынша ауқымды жұмысты ұйымдастырып отырмыз. Түркістан қаласына дейін жетеміз деген сенім бар. Оңай емес, бірақ алған беттен таймаймыз. Осынша алыс қашықтыққа тәуекел еткен шабандоздарға сабыр, шыдам керек. «Ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімес» деген. Жігіттермен қатар қыздар да еріп келеді. Күнде кешкісін жиналыс өткізіп, келер күннің жоспарын құрамыз», дейді ұйымдастыру алқасының мүшесі Ғ.Дүйшенов.

Оның айтуынша, шатырда қызмет көрсетіп жүрген жұмысшылар таңғы бесте дайындық жұмыстарына кірісіп, түн жарымына дейін тоқтаусыз жұмыс істейді.

«Ұйымдастырушылар мен жұмысшылар күніне 3-4 сағат қана демалады. Қалған уақытта үздіксіз жұмыс. Яғни марафонға қатысушыларға жағдай жасау, жарысты жоғары деңгейде өткізу – негізгі міндет», деп қосты ол.

Ал Ақтөбе облысы «Бәйге» федерациясының директоры әрі Ақтөбе құрама командасының жетекшісі Азат Жүкен атқұмар қауымның мұндай аламан жарысты 20 жыл күткенін атап өтті.

«Өзім 10 жасымнан атқа мініп келемін. 2004 жылдан бастап осындай 300-400 шақырымдық жорықтарға шығып жүрдік. Ақтөбе облысындағы 4 ауданды атпен аралайтынбыз. Бүгінгі марафон-бәйгеде сол аттардың тұқымы сынға түсіп жатыр. Осындай ұзақ қашыққа бәйгелер болса екен деп армандадық. Аңшылық бітіп, аттар қалжырап

қалғанда, бір-бірімізбен жарысатынбыз. 600 шақырымдық бәйгеге жабы аттары өте шыдамды. Өзге командалардың құрамында ағылшын аттары бар. Оларға қиын, көбі аяқтан қалып жатыр. Біздің аттар тасты өңірге келгенде іркіліп қалуы мүмкін. Сол үшін Ұлытаудан аман-есен өтіп кетсек деп отырмыз. Оның үстіне жылқыларымыз оңтүстіктің ыстығын көрмеген. Сол үшін шабандоздарымыз қатты шаппай, баяу келе жатыр. Ақтөбе құрамасында Ақбөкен атты сәйгүліміз бар. 30-40 шақырымдық бәйгелерде жүлделі орынға ие болған. Ұзақ жүріске шыдамды жылқышылардың аттарын алып келдік. Біз бұл жарысқа дейін 60 атпен 400 шақырымдық жорыққа шығып келген едік. Осы жобаны естіген бетте аттарды ешқайда жібермей, ішінен мықтыларын сұрыптадық. Жалпы, дайындығымыз жоғары. Шабандоздарымыздың салмағы жеңіл, 15 жылдан бері ат үстінде жүрген жігіттер. Әрқайсысы осы уақытқа дейін 15 көлік ұтқан. Қазір атбегі болып жүр. Шабандоздарымызды тек жеңіс тұғырынан көресіздер!», деді Азат Жүкен.

Қарағанды облысындағы межелі 400 шақырымды басып өткенше марафоншыларға қолдау білдіріп жүрген Нұра ауданының орталығы Нұра кентінің әкімдігі орын-жайдың барынша қауіпсіз болуына жағдай жасапты.

Нұра кентінің әкімі Мұратбек Тұрарбекұлы осы өлкенің тыныс-тіршілігі туралы кеңінен әңгімелей отырып, топырағы құнарлы, суы мол, жазық далалы болып келетін аймақтың мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамыту бағытына бұрылғанын атап өтті. Қазір Нұра кентінде 6 мыңға жуық халық бар.

Ал «Сарыөзек» шаруа қожалығының басшысы, өлкетанушы Рамазан Мұқатайұлы өңір тарихынан сыр шертті.

«Теңіз өңірі негізі Ақмола облысы Қорғалжың ауданының жайлауы болған. 1985 жылы Шұбаркөл кен құбырының ашылуына байланысты Теңіз ауданы Қарағанды облысының құрамына кірді. Баршынның ар жағындағы тұзды көлге байланысты өңір Теңіз деп аталып кеткен. 1977 жылы наурыз айынан 1988 жылға дейін Теңіз аудан болды. 1997 жылы 23 мамырда қысқартуға ілігіп, Теңіз ауданы Нұра ауданына қосылды», дейді Рамазан Мұқатайұлы.

Осылайша, төртінші, бесінші... осылай 12-кезең бойы жолда жүрген шабандоздардың ішінде тек төрт команда ғана мәреге жете алды. Мұның себебін бізге идея авторы әрі марафон ұйымдастырушысының бірі Бақытжан Тұрлыбек түсіндіріп берді.

«Шабандоздар әу баста марафонды қысқа уақытта жүріп өтуге болатын бәйге деп түсініп қалды. Шындығында бұл – өте ауқымды аламан бәйге. Өйткені күні бойы жылқылар тоқтаусыз жүрді. Одан бөлек командалар арасында өзара бәсеке мен стратегиялық айла-тәсіл, бір-бірінің алдына шығу деген мақсат бар.



Шабандоздар үшін жүлде басты орында емес екеніне көзіміз анық жетті, олар намыс үшін осынау қиын жолға тәуекел етті. Мәселен, бір команда таңертең оза шауып, алға шығады. Ал артында келе жатқан екі команда қуалай көнеледі. Бір-бірінің аттарын болдыртып, стратегиялық айла арқылы әлсіз команданы артта қалдырады.

Өлбетте, әу баста жоспарлағанымызда осының барлығын білдік. Мәреге 4-5 команда жетсе, оның өзі үлкен жеңіс деп білдік. Командалар күніне 100 шақырымнан артық жолды артқа тастап жатыр, мұны да ескеру қажет», деп атап өтті Б.Тұрлыбек.

Оның айтуынша, жобадан ұлттың ұтары көп. Халықтың ықылас-қошеметі ерекше. Жарыс жолынан шығып қалған команда келер жылы дайындықпен келетінін айтып, бекініп отыр.

«Бұл марафонның әділетті өткенінің белгісі. Өйткені жылдар бойы ат спорты әділетсіздік құрбаны болып келді. Аламан бәйгеде сайдың тасындай іріктелген шабандоздардың ерік-жігері мен төзімі сынға түсті», деді Б.Тұрлыбек.

Ал марафонның ұйымдастыру комитетінің мүшесі Арман Абдоллаев халықаралық стандартқа сай төрешілерді таңдау атбегілердің өтініші екенін айтты.

«Ең алдымен марафон бәйгенің бас төрешісінің халықаралық маман болуын атбегілердің өздері қалады. Өйткені Қазақстанда бұрын-соңды 1200 шақырым болатын бәйге болған емес. Осы себепті ұзақ қашықтықтағы жарыстарды ұйымдастырған халықаралық мамандарды іздедік.

Мәселен, бас төреші Надежда Купцова үш жыл қатарынан Шеркес дербиін ұйымдастыруға қатысқан. Ол кісінің аттарды мың шақырымға дайындау тәжірибесі бар. Одан бөлек ветеринар дәрігерлеріміз де осы Шеркес дербиіне қатысып жүрген мамандар. Қазақстанда осындай үлкен іс-шараға атсалысып жүрген мамандар аз. Дегенмен, осы төрешілердің арасында отандық азаматтар мен дәрігерлеріміз бірлесіп жұмыс істеп, тәжірибе жинап жатыр», деді А.Абдоллаев.

Ақтық мәреге дейін оза шауып келген Ақтөбе командасының жарыстан шығып қалу себебін Бас ветеринар Ольга Гробер түсіндіріп берді.

«Осы уақытқа дейін жеткен аттар қазір қатты шаршады. Дегенмен Маңғыстау аттарының жағдайы өте жақсы. Ақтөбелік арғымақтар соңына дейін үздік нәтиже көрсетіп келген еді, өкінішке қарай бір ат Бетпақ даланың ауа райына және ұзақ жолына дайын болмай шықты. Тұяғын тасқа жарақаттап алды. Әрі қарай диагнозын анықтау үшін рентгенге түсіру керек. Аттарының амандығы үшін Ақтөбе құрама командасы бірден жарысты тоқтатты», деді О.Гробер.

Бас ветеринар Қазақстанда тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған республикалық бәйгеге маман ретінде үлес қосқаны үшін қуанышты екенін, атбегілер үшін серпіліс берген тың жоба болғандығын атап өтті.

Сонымен, 29 қыркүйекте «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі мәреге жетті. 1200 шақырымды 11 күнде бағындырған батырларды Түркістан төрінде ел құрметпен қарсы алды. Бәйгенің жеңімпазы атанған Маңғыстаудың «Көкмойнақ» командасына 24 млн. теңгенің сертификаты тапсырылды. Екінші орын атанған Жетісу өңірінің «Жетісу» командасына 12 млн. теңге жүлде тарту етілді. Мәреге үшінші болып жеткен Түркістан облысының «Теріскей» командасының шабандоздары 9 млн. теңге сыйақыны қанжығаларына байлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысына жасаған жұмыс сапарында және марафон-бәйгенің ашылу рәсімінде жолдаған құттықтау хатында бұл шараның маңыздылығын атап өтіп, ұлттық спортты жаңғырту арқылы рухани серпіліс әкелу басты мақсат екенін айтқан болатын.

«Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі – еліміздің 6 аймағын (Астана, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда, Түркістан облыстары) қамтыған тұңғыш жалпыреспубликалық ат аламан. Бәйгеге қатысқан шабандоздар Қазақстанның киелі мекендерін аралап, күллі түркі жұртының астанасы

болған Түркістан қаласында ат басын тіреді. Мәреге жеткен қатысушыларды Түркістан жұртшылығы үлкен қошеметпен қарсы алды.

Жеңімпаздарды Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Аманат партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Спорт және дене шынықтыру комитетінің төрағасы Самат Ергалиев, Ұлттық спорт қауымдастығының атқарушы директоры Болат Маханалин, Sportqogу директоры Асхат Сейсембеков қарсы алып, сертификат пен медальды тарту етті.

«Түркістан Арена» стадионында өткен жабылу салтанатында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев жобаның өміршең боларына сенім білдіріп, шабандоздардың ерлігін жоғары бағалады.

Салтанатты іс-шарада сөз алған Аманат партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов дала дәстүрі мен Ұлы көшпенділер мәдениеті қайта жаңғыруымен құттықтады.

– «Ұлы дала жорығы» атты тұңғыш республикалық марафон-бәйге додасы 18 қыркүйекте елордамыздан басталды. 11 күн бойы Ұлы даланы көктей өтіп, бүгін Түркі өлемінің рухани астанасы – Түркістан қаласына ат басын тіреді. Марафонға қатысушылар күллі қазақ тайпаларының басын қосып, таңбасын бөліскен Ұлытау жерінен өтті. Жошы хан мен Алаша хан кесенелеріне тағзым етті. Қазақ хандығының алғашқы астанасы Созақ қаласы мен қарт Қаратауды бойлай отырып, күллі түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласына жетті. Киелі Даланың рухын сезінді. Жобаны ұйымдастырушылар мен додаға қатысушыларға алғысымыз шексіз. Ұлы даладағы жорығымыз жалғаса берсін! – деді Асхат Раздықұлы.

Жеңімпаздарды қарсы алған Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды да ұлттық спорт жанашырларын құттықтады.

– Бүгін біз қазақ руханияты мен спорты үшін аса маңызды жиында бас қосып отырмыз. Қазақстанда тұңғыш рет ұйымдастырылған «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі қасиетті қаламызда мәресіне жетті. Бұл – Түркістан өңірі үшін үлкен құрмет әрі мәртебе. Жалпы, соңғы уақытта Түркістан қаласы жаңа қарқынмен дамып, жаңа спорттық нысандар көптеп бой көтеруде. Осы арқылы өңірде спортшы жастар, чемпиондар көбейеді деген сенім мол. Екі аптадай үздіксіз жортып, қиындықтарға мойымаған шабандоздарға айрықша алғыс айтамын. Өйткені біздің атбегілеріміз бен шабандоздарымыз 1200 шақырымды басып өтіп, ерлік жасап отыр. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, қазақты ат спортына жетелейтін осындай жобалар жалғасын таба берсін. Азаматтарымыз аттан түспесін! Халқымыздың мәртебесі биіктей берсін! – деді Д.Сатыбалды.



Заңғар КЕРІМ

ОН БЫЛ ПЕРВЫМ

ИМЯ ОКТЯБРЯ ДЖАРЫЛКАПОВА НАВСЕГДА ВПИСАНО В ИСТОРИЮ КАЗАХСТАНСКОГО СПОРТА



МЛАДОЕ ПЛЕМЯ НЕ РАЗ ЗАДАВАЛА ВОПРОС ОТНОСИТЕЛЬНО ТОГО: КЕМ БЫЛ ОКТЯБРЬ ДЖАРЫЛКАПОВ? ПОЧЕМУ В ЧЕСТЬ НЕГО НАЗВАН ЗАЛ АГРАРНОГО УНИВЕРСИТЕТА В АЛМАТЫ? ЭТО ЧЕЛОВЕК, КОТОРЫЙ СТОЯЛ У ИСТОКОВ ОБРАЗОВАНИЯ КОМАНДЫ «БУРЕВЕСТНИК» В ДАЛЕКИЕ ПЯТИДЕСЯТЫЕ ГОДЫ ПРОШЛОГО СТОЛЕТИЯ. ОН СТРАСТНО ЛЮБИЛ ЭТУ «УМНУЮ» ИГРУ. И ГЛАВНОЙ МЕЧТОЙ ЕГО, ТОГДАШНЕГО СТУДЕНТА ЗООТЕХНИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА БЫЛО СОЗДАНИЕ КОМАНДЫ, КОТОРАЯ БЫ УСПЕШНО ОТСТАИВАЛА ЧЕСТЬ КАЗАХСТАНА НА ВСЕСОЮЗНОЙ АРЕНЕ. И ОН САМ ХОДИЛ ПО ШКОЛАМ И ИНСТИТУТАМ, ОТБИРАЯ ПЕРСПЕКТИВНУЮ МОЛОДЕЖЬ В СВОЮ КОМАНДУ. И ДОБИЛСЯ СВОЕГО. КОМАНДА ВЫИГРАЛА НЕ ТОЛЬКО РЕСПУБЛИКАНСКИЕ СОСТЯЗАНИЯ, НО И ПУТЕВКУ В ВЫСШЕЕ ЭШЕЛОН СОВЕТСКОГО ВОЛЕЙБОЛА. ОН САМ СТАЛ ПЕРВЫМ МАСТЕРОМ СПОРТА СССР ПО ВОЛЕЙБОЛУ В РЕСПУБЛИКЕ, ПЕРВЫМ ЗАСЛУЖЕННЫМ ТРЕНЕРОМ КАЗАХСКОЙ ССР И ЗАСЛУЖЕННЫМ ТРЕНЕРОМ СССР. А ЕГО КОМАНДА, УЖЕ ПОСЛЕ ЕГО СМЕРТИ, ВЫИГРАЛА ЧЕМПИОНАТ СТРАНЫ И СТАЛА ОБЛАДАТЕЛЕМ КУБКА ЕВРОПЕЙСКИХ ЧЕМПИОНОВ.

“Есть его величество волейбол, а мы все его слуги и должны служить ему в полную меру сил и способностей”. Эти слова, как нельзя, кстати, подходят Октябрью Кидирбаевичу. Действительно, он отдал все свои силы, все свои способности, всю свою неумную энергию, преданность и страсть развитию любимой игры. Поэтому сказать слово легенда об Октябрье Джарылкапове это слишком мало, для того чтобы знать о нем как о живом человеке, каким он был и остается сейчас для своих соратников и друзей по большой игре, называемой волейболом. Тем не менее, в этом году мужской волейбол Казахстана прошел, именно прошел (в спортивном Казахстане даже об этом не вспомнили) 50-летнюю дату большой спортивной победы – впервые команда Алма-Атинского “Буревестника” выиграла звание чемпионов СССР по волейболу. Огромная доля в этом успехе принадлежит Октябрью Кидирбаевичу Джарылкапову.


Опираясь на благодатную почву, подготовленную тренерами-первопроходцами Георгием Иконниковым, Борисом Дмитриевым, он стал основоположником большого мужского волейбола Казахстана, проторив выстопанной им команде, путь к самым высоким вершинам спорта.

Наша справка. Октябрь Кидирбаевич ДЖАРЫЛКАПОВ родился 25 октября 1931 года в Янги-Юле, недалеко от Ташкента. Детские и юношеские годы прошли в Туркестане. Там и познакомился он с волейболом. После окончания средней школы поступил в Алма-Атинский зооветеринарный институт. Там продолжил свое любимое занятие. Выступал за институт, за город. По окончании института стал тренером мужской команды “Буревестник”, который он создал сам. В 1957 году поступил на

заочное отделение Каз.ГИФК и закончил его в 1962 году, после чего стал работать сначала преподавателем, а затем старшим преподавателем кафедры спортивных игр

Тренером команды “Буревестник” работал с 1958 по 1966 гг.

В 1966 году перешел на работу в Республиканский Совет союза спортивных обществ и организаций Каз.ССР заместителем председателя Совета. В январе 1967 года совет переименован в Комитет по



физической культуре и спорту при Совете Министров Каз.ССР и Октябрь Кидирбаевич становится первым заместителем Председателя Комитета, передав фактически бразды правления командой своему преемнику и последователю Зангару Асанхановичу Джаркешеву

Первому из казахстанских волейболистов в 1961 году Октябрью Кидирбаевичу ДЖАРЫЛКАПОВУ было присвоено звание “Мастер спорта СССР”. Это высокое спортивное звание он заслужил по итогам Первенства СССР по волейболу 1960 г., войдя в состав 24-х

таланту Октябрью Кидирбаевича ДЖАРЫЛКАПОВА. Он умер 10 мая 1969 года на 38-м году жизни. Октябрь Джарылкапов отличался бесконечная преданность волейболу, человеколюбие, отеческая забота о каждом игроке, неутомимая энергия, скромность и радушие. Ему не хватило трех месяцев, чтобы увидеть победный триумф своего детища, своей команды.

Рассказывает один из его учеников Александр Портной: «В мае 1969 года нас троих - меня, Олега Андропова и Валерия Крваченко призвали под знамена сборной СССР. Мы должны были в ее составе принять участие в турне по Японии. Прилетев в Москву, мы сразу отправились в больницу проводить своего товарища и тренера. Октябрь выглядел несколько бледным. На наши вопросы отвечал коротко. Лишь сообщил, что врачи никак не могут сбить ему температуру. И на прощание сказал: «Я на три дня лечу домой, а потом вернусь в больницу имени Склифосовского». 10 мая ко мне подходит тренер сборной СССР Юрий Клещев и говорит: «Завтра вылетаем в Японию. Сегодня день отдыха, давай всей командой проведем Октябрью Кидирбаевича. Позвони ему». Я по его совету набрал телефон больницы, где лежал Джарылкапов. На том конце провода девушка сначала замолчала, а потом передала трубку сестре Октябрью. Та мне сообщила, что наш тренер умер ночью. Я в гостиницу к Клещеву. Сам не могу сказать, задыхаясь от волнения. Потом все же сообщил. Я никогда ранее не видел, как плачет мужик. Он рыдал. Потому что с Октябрьем Клещевым связывали хорошие отношения. Это была оценка труда Джарылкапова, его человечность и отношение к спорту.

Кобеду приехала в Москву делегация из Казахстана. В ее составе был и Зангар Джаркешев. Он сразу пришел к нам в гостиницу. Мы с Крваченко к нему: «Зангар, как мы полетим на турне? Лучше отпроси нас на похороны Октябрью». Он сразу: «Вы ему уже ничем не поможете. Надо лететь. На вас надеется тренер. Он хочет вас обкатать в составе». Так мы не попали на похороны своего наставника. Но память о нем всегда в наших сердцах».

Уже после его смерти в 1972 году вышла в свет на казахском языке его книга “Игра в волейбол”, предназначенная для детей сельских школ и написанная простым и доступным для них языком. Вышедшая в то время тиражом в 5000 экземпляров, она стала сейчас библиографической редкостью.

С 1974 года, в честь больших заслуг перед волейболом, в нашей республике был учрежден международный турнир памяти первого “Мастера спорта СССР”, Заслуженного тренера СССР и Каз.ССР по волейболу ОКТЯБРЯ ДЖАРЫЛКАПОВА. Но... по неизвестным причинам этот турнир приказал долго жить.



лучших волейболистов СССР.

В 1965 году “Буревестник”, которым руководил Октябрь, занимает в чемпионате СССР 8 место, в 1966 – 3 место. За достигнутые успехи в тренерской работе Октябрью Кидирбаевичу ДЖАРЫЛКАПОВУ в 1962 году присвоено звание “Заслуженный тренер Каз.ССР”, а в 1965 году – “Заслуженный тренер СССР”.

Именно под его руководством команда “Буревестник” начала успешно выступать в Чемпионате СССР высшей лиги с 1965 года и в дальнейшем завоевала золотые медали Чемпионата СССР 1969 года.

Проследив этапы пути этого выдающегося казахстанского волейболиста и тренера нельзя не сказать и о том, что в 1966 году команда “Буревестник” заняла I-е место на V-х студенческих играх в г. Минске. Пожалуй, именно эта веха стала началом блестящего пути прославленной команды. Нельзя недооценивать успех студенческой команды, ведь в то время в высшей лиге чемпионатов СССР среди мужчин выступало шесть студенческих команд, игравших там далеко не последнюю роль.

Однако тяжелая болезнь не дала возможности полностью раскрыться огромному организаторскому

ЛУК И СТРЕЛЫ

В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДЕТ I РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЧЕМПИОНАТ ПО СТРЕЛЬБЕ ИЗ ЛУКА. В ЧЕМПИОНАТЕ ПРИМУТ УЧАСТИЕ БОЛЕЕ 200 СТРЕЛКОВ КАЗАХСТАНА. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛИ В ЦЕНТРЕ ОБЩЕСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ МАНГИСТАУ.



Первый республиканский чемпионат по стрельбе из лука среди взрослых, молодежи и подростков пройдет с 13 по 17 октября.

- В чемпионате примут участие более 200 лучших стрелков Казахстана. Они будут соревноваться в попадании в среднеазиатскую мишень, в

турецкую мишень «пута» и самую сложную цель – казахскую мишень «жамбы». Помимо личных зачетов, состоятся и командные соревнования. Чемпионат пройдет на стадионе имени А.Туякова в Жанаозене, – сообщили в центре общественных коммуникаций Мангистау.

БОЛЬШОЙ СТАРТ

В АСТАНЕ ПРОЙДУТ СОРЕВНОВАНИЯ ОТВASY DUATLON-2022, ПОСВЯЩЕННЫЕ ГОДУ ДЕТЕЙ. СТАРТ СОРЕВНОВАНИЙ ПРОЙДЕТ 2 ОКТЯБРЯ В 10.00 В СТОЛИЧНОМ ТРИАТЛОН-ПАРКЕ.

Регистрационные номера будут выдавать 2 октября с 8.00 до 10.00. К участию в соревнованиях допускаются дети в возрастных категориях с 8 до 9 лет, с 10 до 11 лет и с 12 до 13 лет. Стоит отметить, что возраст детей учитывается на день проведения мероприятия, а для родителей возрастных ограничений нет.

Соревнования проводятся на трех дистанциях в двух видах спорта. Общая протяженность дистанции составляет 4,5 км.

• Бег (папа) – 2,1 км.

• Велогонка (мама) – 2,1 км.
• Бег (ребенок) – 200 м.

Первыми с линии старта пробегут дистанцию в 2,1 км папы и передадут эстафетную ленту мамам, затем будут ожидать в транзитной зоне.

Вторыми проедут мамы на велосипедах 2,1 км и передадут детям эстафетную ленту.

Третьими пробегут дети (8-9 лет, 10-11 лет, 12-13 лет) 200 м до финиша.

Победителями станут семьи, завершившие I, II, III этапы.

Финалисты соревнований в каждой группе определяются по времени, затраченному на преодоление всех дистанций. Победители будут награждены дипломами I, II, III степени и ценными призами. В качестве призов – телевизор, микроволновая печь, пылесос, термопот, смартфон, смарт-часы, велосипед.

Для регистрации можно связаться по телефонам: • 87470545900 – Дарын,
• 87079778001 – Ризабек.

Помимо этого, среди участников по регистрационным номерам в лотерее будут разыграны 10 велосипедов.

БЕНТЛИМЕН БЕТПЕ-БЕТ

ИГРА ЗАВЕРШИЛАСЬ СО СЧЕТОМ 3:1. В ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОМ МАТЧЕ ВЫЕЗДНОЙ СЕРИИ В РАМКАХ КОНТИНЕНТАЛЬНОЙ ХОККЕЙНОЙ ЛИГИ «БАРЫС» ОДЕРЖАЛ ВОЛЕВУЮ ПОБЕДУ НАД «СПАРТАКОМ».

По данным пресс-службы клуба, Кирилл Савицкий и Михаил Рахманов пропускали встречу по состоянию здоровья. Вместо них в заявке появились Диас Гусейнов и Михаил Григорьев. Юлиус Гудачек появился в воротах с первых минут.

Встреча вновь началась с курьезной шайбы в ворота «Барыса». Ее автором стал Захар Арзамасцев. После этого момента гости долго не могли вернуться игру, чему во многом способствовали два подряд удаления. «Спартак» играл первым номером, но до перерыва счет больше не изменился. Второй отрезок прошел без заброшенных шайб.



В заключительной трети казахстанцы перевернули ход игры. Джереми Бракко отличился в первой же смене периода, Аркадий

Шестаков реализовал большинство. Точку в матче поставил Егор Петухов. 3:1 – волевая победа команды Андрея Скабелки.



©Данияр Майлыбаев

В НОВОМ АМПЛУА

СЕРЕБРЯНЫЙ ПРИЗЕР ОЛИМПИЙСКИХ ИГР ПО БОКСУ ВАСИЛИЙ ЛЕВИТ РАССКАЗАЛ В ИНТЕРВЬЮ "ХАБАР 24" О РАБОТЕ В АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБЕ. ТИТУЛОВАННЫЙ СПОРТСМЕН РАСКРЫЛ СВОИ ЗАДАЧИ.

Ранее отмечалось, что экс-лидер сборной Казахстана назначен руководителем управления физической подготовки персонала Агентства по противодействию коррупции.

"Я второй день только вышел. Но то, что я увидел, как говорится, есть материал, есть с чем работать. Я думаю, что у нас радужные перспективы. Задачи, на первый

взгляд, простые. В общем, поднять физическое здоровье, физический функционал сотрудников.

Все-таки у основного состава сидячая работа. Наверное, еще одна из задач - популяризировать спорт. И все же Василий - не тренер, у него другие функции, например, строить план спортивной подготовки в целом", - поделился 34-летний Левит.



СКОЛЬКО ЗАРАБОТАЛА СБОРНАЯ КАЗАХСТАНА ПО ФУТБОЛУ ЗА ТРИУМФ В ЛИГЕ НАЦИЙ

СТАЛО ИЗВЕСТНО, СКОЛЬКО ЗАРАБОТАЛА СБОРНАЯ КАЗАХСТАНА ПО ФУТБОЛУ ЗА УСПЕШНОЕ ВЫСТУПЛЕНИЕ В ЛИГЕ НАЦИЙ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ.

За участие в Лиге наций всем сборным гарантированно

начисляются суммы. Так, командам из дивизиона С положено по 1,125

миллиона долларов. Согласно расписанию выплат УЕФА, все победители групп получают вдвое больше стандартной суммы. Так как казахстанцы стали победителями квартета 3, они должны заработать 2,25 миллиона евро.

Отметим, что победа в группе Лиги наций позволила казахстанской сборной выйти в дивизион В, также она получит шанс квалифицироваться в финальную стадию Евро-2024 через стыковые матчи.

ХЕТ-ТРИК АЛИПА

ЭКС-ПРЕЗИДЕНТ «СПАРТАКА» АНДРЕЙ ЧЕРВИЧЕНКО ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ДЛЯ RUSFOOTBALL.INFO ПОЯВЛЕНИЕ НА ПОЛЕ КАЗАХСТАНСКОГО ЗАЩИТНИКА НУРАЛЫ АЛИПА.



Игрок национальной сборной вышел на замену в конце матча, а "Спартак" забил три гола и одержал крупную победу над "Зенитом" в матче группового этапа Кубка России.

- Вас удивила победа "Спартак" над "Зенитом" с таким крупным счетом?

- Счет, конечно же, солидный, но я думаю, что не по игре. Но всегда так бывает: не забиваешь ты - нагружай тебе. "Зениту" не повезло: петербуржцы два раза попали в штангу, а у "Спартак" мяч влетел. Но сказать, что было какое-то огромное преимущество, я не могу.

Просто, наверное, в какой-то момент были сосредоточены, в какой-то - повезло. Когда первый гол забивали, там чистое везение было. Даже не ошибка защиты. Но это была хорошая и интересная игра.

- Семак зря Алипа выпустил?

- Он не только его, но и много кого зря выпустил. Но как сказать - зря или не зря? Это не очень понятно. Игра была то туда, то сюда. То Мешков в одну сторону что-то несуразное свистнет, потом - в другую. Но, повторюсь, на мой взгляд, у "Спартак" сегодня было больше везения. Залети какой-то из моментов "Зенита" - все могло быть по-другому.

ОРГАНИЗАТОРЫ ЧМ-2022 ПО ФУТБОЛУ В КАТАРЕ ЗАПРЕТИЛИ ФАНАТАМ ТРОГАТЬ МЕСТНЫХ ЖЕНЩИН

ОРГКОМИТЕТ ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО ФУТБОЛУ-2022 В КАТАРЕ ОПУБЛИКОВАЛ ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ФАНАТОВ В СТРАНЕ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ СО ССЫЛКОЙ НА RMC SPORT.

Организаторы ЧМ рекомендуют не обнимать и не трогать местных женщин, не флиртовать публично с партнером и не включать громкую музыку во время призывов к молитве. Неуместным в Катаре считается сидеть, положив ногу на ногу, пожимать руку при встрече и надевать украшения, за исключением часов или обручального кольца.

Девушек-иностранок просят надевать одежду, закрывающую ноги, грудь и шею. При этом их не обязуют надевать традиционную чадру, открывающую только глаза. У мужчин запрещены шорты выше колена и облегающие брюки.

Мундиаль пройдет с 20 ноября по 18 декабря.

Группа А: Катар, Эквадор, Сенегал, Нидерланды;

Группа В: Англия, Иран, США, Уэльс;

Группа С: Аргентина, Саудовская Аравия, Мексика, Польша;

Группа D: Франция, Дания, Тунис, Австралия;



Группа Е: Испания, Германия, Япония, Коста-Рика;

Группа F: Бельгия, Канада, Марокко, Хорватия;

Группа G: Бразилия, Сербия, Швейцария,

Камерун;

Группа H: Португалия, Гана, Уругвай,

Южная Корея.

Мундиаль пройдет с 21 ноября по 18 декабря в Катаре.

Полосу подготовили –

Дамир ТУЛЕГЕН, журналист,

Сауле МЕНДЫКУЛОВА, журналист, специально для газеты «Қазақ спорты»

БАЛАНДИН СПОРТТАН НЕГЕ КЕТТІ?

АТАҚТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҮЗУШІ, 2016 ЖЫЛҒЫ РИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ДМИТРИЙ БАЛАНДИН СПОРТТАҒЫ КАРЬЕРАСЫН РЕСМИ ТҮРДЕ АЯҚТАДЫ.

Былай қарасаң, Баландин қартайып тұрған жоқ. Жасы бар-жоғы 27-де. Бәлкім, спортшы алдағы Париж олимпиадасында жүлде алатынына сенбеген де болар. Сондықтан ертерек бапкерлікпен айналысып, жаңа қызметке бой үйрете беруді көздеген де шығар. Қалай десек те біз чемпионының шешімін құрметтейміз.

Жалпы, жүзу спорты КСРО кезінде де Қазақстанда аса дами қоймаған. Қарағанды қаласының тумасы Виктор Абоимов 1972 жылы Мюнхен олимпиадасында командалық үш эстафетаға қатысып, соның екеуінде жүлдегер атанған. Еншісінде бір күміс, бір қола бар. Абоимовтан кейін қазақ топырағына суға жүзуден Олимпиада медалі бұйырмаған.

Ал тәуелсіздік жылдарында тек Владислав Поляковтың есімі ғана ерекше аталып жүрді. Ол 2006 жылы әлем чемпионы атанған. Бірақ үш бірдей Олимпиада ойындарына қатысса да, жүлдеден тыс қала берді. Мысалы, 2004 жылы Афинада 100 және 200 метрлік қашықтықтарда бесінші орын алған. Ең жоғары жетістігі осы. Бейжің мен Лондондағы нәтижелері бұдан төмен.

Осы олқылықтың орнын Дмитрий Баландин толтырды. Сондықтан бұл атлеттің есімі қазақ спортында ерекше орын алары анық. Ендеше, Баландиннің жүріп өткен жолына бір көз жүгіртсек.

Олимпиада чемпионы 1995 жылдың 4 сәуірінде дүние есігін ашқан. Айтпақшы, дәл осы 4 сәуір күні жүзуден әлем чемпионы ресейлік Людмила Тихонова да өмірге келген. Қазақстанда Димадан бөлек 4 сәуір боксшылар марқұм Бекзат Сағтарханов пен Василий Жировтың да туған күні. Бір күнде үш чемпионның өмірге келуі сирек құбылыс деп бағалауға болады.

Баландин жүзумен төрт жасынан бастап айналысқан. Ата-анасы басында жай ғана суға жүзуді үйренгенін қалаған екен. Кейіннен ол болашағын спорттың осы түрімен байланыстырды. Алғаш рет 2010 жылы 15 жасында Санкт-Петербург қаласындағы төрт дүркін Олимпиада чемпионы Александр Попов атындағы кубокке қатысты. Ал көпшілікке 2014 жылы танылды. Біз сол кезде 19 жастағы спортшымен бірге Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында жазғы Азия ойындарына бардық. «Қола медаль алсам да қанағат» деп келген спортшы күтпеген жерден үш дүркін Азия ойындарының чемпионы атанып қайтты. Кейбіреулер, тіпті оны «Азияның жаңа Фелпсі» деп жатты.

Корея деген Баландин үшін құтты мекен болды. Өйткені арада бір

жыл өткенде отандасымыз осы елдің Кванджу қаласындағы XXVIII Дүниежүзілік жазғы Универсиада ойындарында жеңімпаз атанды.

Бірақ сол жылы Қазандағы әлем чемпионатында жүлдеге жақын болғанымен, үштіктен көріне алмады.

«Мен үнемі өзіміздің спортшыларды үлгі тұттым. Аға буын өкілдерінен әлем чемпионы Владислав Поляков пен Евгений Рыжковтың жүзгенін бақылайтынмын. Соларға қарап еліктеп өстім. Бір мәрте бала кезімде солармен бірге ел чемпионатына қатыстым. Сол кездегі әсерімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өзін үлгі тұтып жүрген спортшылармен бірге жарысу тіпті Олимпиаданың финалына шыққаннан да әсерлі болады екен. Өйткені Олимпиаданың финалында қарсыластарың өзің деңгейлес спортшылар», дейді Баландин.

Ал 2016 жылғы Рио олимпиадасы жалғыз Дмитрий Баландин үшін ғана емес, қазақ спортының да жылнамасында алтын әріптермен жазылып қалары анық. Бірен-саран ғана талапқа сай келетін бассейні бар елден барған Баландин Бразилияда сенсация жасады. Ол 200 метрге брасс әдісімен жүзуден тарихи алтынмызды еншіледі. Спортшы аталған қашықтықты 2:07:46 минутта жүзіп өтті.

Олимпиаданың алдында спортшының өзімен сөйлескенде: «Мен 200 метрге жүзгенді ұнатамын. Осы қашықтықта жүлдеге ілігетін мүмкіндігім көп болады», деп еді.

Шынымен де айтқаны келді. Бұл оның оң жамбасына келетін қашықтық. Себебі Дмитрий қысқа қашықтыққа қарағанда ұзаққа жақсы жүзеді. Қолы ұзын. Стартты жай алса



“**ДМИТРИЙ ИГОРЕВИЧ БАЛАНДИН – 4 сәуір 1995 жылы Алматы қаласында туған. 200 метр қашықтықта брасс әдісі бойынша 2016 жылғы Рио Олимпиадасының чемпионы. 2014 жылғы Азия ойындарының үш дүркін чемпионы, 2018 жылғы Азия ойындарының үш дүркін қола жүлдегері, 2015 жылғы Универсиаданың жеңімпазы және қола жүлдегері. 2015 жылғы Универсиаданың күміс және қола жүлдегері. 50, 100 және 200 метр қашықтықтағы Қазақстанның рекордшысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері (2016). Олимпиадалық алтынды жеңіп алған жүзуден Қазақстанның тұңғыш өкілі.**

да, мәреге жақындаған тұста жылдамдығын арттыра біледі.

«Өз отанымды танытуға мүмкіндік алғанымға қуанамын. Мен бұл жетістігіммен мақтанамын. Қазақстан тарихында жүзу спортынан алғаш рет Олимпиада ойындарының чемпионы атандым. Бұл жеңісіме таңғалмаймын. Себебі біз өте көп жұмыс істедік. Олимпиада ойындарына тыңғылықты дайындалдық. Қолдан

келгеннің бәрін істедік. Нәтижесін өздеріңіз көріп тұрсыздар», деген болатын сол кезде Дмитрий Баландин.

Спортшыға 2018 жылғы жазғы Азия ойындары аса сәтті бола қойған жоқ. Джакартада бұл спорт түрінен бірде-бір алтын түспеді. Баландин үш қоламен шектелді. Спортшының елге алтынсыз оралуына жарақаты себеп болғаны да бар.

«Жарыс басталардан екі ай бұрын

мен табанымды жарақаттап, сіңірімді созып алдым. Соның салдарынан бір айға созылған жаттығуым желге ұшты. Азияданың басталуына тағы бір ай қалғанда күтпеген жерден тағы бір жарақатқа тап болдым. Байқаусызда аяғымды кесіп алдым. Тағы да он күн емделуге тура келді. Жарақатқа бола дайындық үзіле берген соң, Азиядаға бару туралы ойым да өзгере бастады. Бірақ бапкерлер менің команда көшбасшысы ретінде еріп барып, жігіттерге мейлінше көмектескенімді қалады», деген болатын Дмитрий Баландин сол кезде.

Қазақстан Джакартада жалпыкомандалық есепте тоғызыншы орында қалып қойған болатын. Егер Баландин Инчхондағы жетістігін қайталағанда Қазақстан жетінші орынға көтеріледі екен.

Одан кейінгі жылдары жерлесіміз жоғары нәтиже көрсете қоймады. Токио олимпиадасында да жүлдеден шет қалды. Енді, міне, спортпен қош айтысып отыр.

Бір дерек, ол жүзуден бөлек, футболды жақсы көреді. «Ливерпуль» және «Реал» командаларының жанкүйері. Сондай-ақ боулинг ойнағанды ұнатады.

Бек ТӨЛЕУ

БАҚУАТТЫ БОКСШЫЛАР

THE RICHEST САЙТЫНДА ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БАҚУАТТЫ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ. ҮЗДІК ОНДЫҚТЫҢ ТІЗІМІНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ АТАҚТЫ СПОРТШЫСЫ ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН ЕНБЕЙ ҚАЛҒАН ЕКЕН.

Дәулеті тасыған боксшылар көшін Флойд Мейвезер бастап тұр. 45 жастағы АҚШ-тың арланы 1996 жылы Атланта Олимпиадасында қола медальды иеленгеннен кейін кәсіпқой рингте күш сынасуға бел буды. Сол аралықта өткізген 50 бәсекеңің барлығында жеңіске жетіп, 27 қарсыласын нокаутқа жіберді. Бірнеше салмақ дәрежесі және бірнеше белді нұсқа бойынша чемпиондық белбеуді иеленген Мейвезер ХХІ ғасырдың ең үздік боксшысы деп танылды. Оның әр жекпе-жектен түскен табысы өзге спортшылардың

түсіне де кірген емес. Бүгінгі таңда Флойд 450 миллион АҚШ долларына иелік етіп отыр.

Екінші орында – Джордж Форман. Кәсіпқой рингтегі карьерасын америкалық алып сонау 1969 жылы бастады. Ол кезде Джордж жұлқынып тұрған 20 жаста еді. Ал соңғы жекпе-жегін 48 жасында өткізді. 1997 жылдың күзінде «шау тартқан» ардагер боксшы 26 жастағы отандасы Шеннон Бригске ұпай санымен есе жіберді. Бірақ Форман сол сәтсіздікке бола қайғы-мұңға салынған жоқ. Ол рингте жеңіліс тапқанымен,

материалдық тұрғыдан мол олжаға кенелді. Кезінде Мұхаммед Әли, Джо Фрейзер, Эвандер Холлифилд, Майкл Мурер сынды аттары аңызға айналған азаматтармен айқасқан «Дәу Джордждың» табысы – 300 миллион доллар.

Үздік үштікті Мэнни Пакьяо түйіндеп тұр. Филиппиннің мақтанышы әрі атымтай жомарт атанған әйгілі былғары қолғап шебері 220 миллионды еншілеп отыр. Сондай-ақ ТОП-10 бақуаттылардың тізіміне мына боксшылар енді: Оскар Де Ла Хойя (200 миллион), Сауль Альварес (180 миллион), Леннокс Льюис (150 миллион), Шугар Рэй Леонард (120 миллион), Владимир Кличко (90 миллион), Энтони Джошуа (80 миллион) және Виталий Кличко (80 миллион).



● **МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС**

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ – Бас редактор	Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы Байланыс тел.: +77023840194 Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3784200, 3784202 • Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. • Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010	• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. • «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. • Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Жазылу индексі – 64190 • Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г • Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.
• Тапсырыс – 1329 • Таралымы – 3085 дана		